

ӘОЖ 94 (620)

К.Б. Жанатаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
E-mail: Guljan73@inbox.ru

1970-1990 жылдардағы Египеттің әлеуметтік-экономикалық салаларының дамуы

Аңдатпа. Мақалада 1970-1990-жылдардағы Египеттің әлеуметтік-экономикалық жағдайы қарастырылған. Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары Египеттің экономикалық дамуында қиындықтар көп кездесіп, ішкі шиеленіске толы болды. Үкімет басына жаңадан келген Ә. Садат елді дағдарыстан алып шығу жолында «инфитах» саясатын жариялады. Ел экономикасын либерализациялау бағытында кезең бойынша экономикалық реформалар жүргізілді. Аталған реформалар барысында елдің дамуы қарқынды жүрмесе де, бірде алға жылжушылық үдерісі, ал 70-ші жылдардың аяғына қарай елдің әлеуметтік жағдайы күрт төмендеп кетті. 1981 жылы билік басына келген Х. Мұбарак елді дағдарыстан алып шығу үшін экономика саласында кешенді реформа бағдарламасын жүргізді.

Түйін сөздер: экономикалық дағдарыс, «ашық есік» саясаты, әлеуметтік-экономикалық реформалар, бюджет тапшылығы, экономиканы либерализациялау, кедендік салықтар, жалпы ішкі өнімнің өсуі.

1952 жылы шілде айында өткен революция аяқталысымен-ақ Египет өз дамуында бірқатар қиындықтарды бастан кешірген болатын. Г.А. Насыр тұсындағы елдің біржақты социалистік бағыты ел экономикасын айтарлықтай дамытты дей алмаймыз. Оған Таяу Шығыс мәселесінің шиеленісе түсуі кері әсерін тигізді. 1967 жылы Израиль Египетке қарсы соғыс ашқаннан кейін елдің экономикасы күрт төмендеп, ішкі жағдайы шиеленісе түсті.

1970 жылы үкімет басына келген Әнуар ас-Садат елді экономикалық дағдарыстан алып шығу жолдарын қарастырды. Ол осы бағытта ашық есік саясатын таңдады. Бұл ашық есік саясаты немесе экономиканы либерализациялау бағыты инфитах деген атауға ие болды. «Инфитах» экономикаға динамизм мен оралымдылық бере отырып, оны іріп-шіруден құтқаруға әрекет етті [1,79 б.]. Бұл саясат ескі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді толыққанды шешпесе де, уақыт өте келе көптеген сынақтардан өтті. Елді ішкі дағдарыстан құтқару мақсатында жүргізілген Египет Араб Республикасындағы әлеуметтік-экономикалық реформалар осыдан 36 жыл бұрын басталып, ол бірнеше кезеңдерге бөлінген еді. Бірінші кезең он жылға созылып,

1974-1984 жылдарды қамтыған болатын. Ол кезде бірнеше египет экономистеріне алдыңғы жылдардағы елдің әлеуметтік-экономикалық даму тәжірибесін ары қарай байыта түсу тапсырылды. Атқарылған шаралар нәтижесінде египеттік экономиканың осал тұстары айқындалды:

– экономикалық дамудың төменгі деңгейі (2%);

– тұрғындардың жылына 3%-ға дейін өсу қарқынының ұлғаюы;

– бюджет тапшылығының өсуі (жалпы ішкі өнім 25%);

– өндірістік базаның тозуы;

– өндірісті кеңейту үшін нақты инфрақұрылымның жоқтығы;

– бірқатар араб-израиль соғыстары салдарынан экономикалық потенциалдың әлсіреуі.

Осы факторларды ескере отырып, үкімет экономикалық реформалар табысты болу үшін келесі негізгі реформа шарттарын айқындады:

– ұлттық қорғанысты қамтамасыз ету үшін және елдің экономикалық потенциалын қорғау үшін қажетті қарулы күштерді иелену;

– мемлекеттік капитал құю басқару әдісін өзгерту және жекеменшік секторларға қажетті жеңілдіктер көрсету;

– нарықтық қатынасқа көшкен жағдайда шектеулі кірісі бар адамдар зиян шекпеу үшін әлеуметтік саясат жүргізу;

– шетел инвестициялары мен несиелерін тарту.

Бұл бағдарламаны іске асыра бастағанда-ақ айтарлықтай нәтижелер бере бастады. 1979 жылы Израильмен бейбіт бітімге қол қою елге шетел, әсіресе АҚШ инвестициясының көлемін ұлғайтуға жол ашты. Елдің инфрақұрылымдары жаңашаландырылды. Сондай-ақ халық отандық тауарларды өткізу нарығын іздеу мақсатында сыртқы әлеммен байланыс орнату қажеттілігін түсіне бастады.

Дегенмен шетел инвестициясына жол ашылу да кедергілер кездесті. 1974 жылы шығарылған заң бойынша, Египет экономикасы халықаралық банктерге тәуелді болды. Шетел инвесторлары Египеттің тау-кен өндіруші салаларына, қамсыздандару ісіне араласуға мүмкіндік алды. Оларға кедендік салықтар төлеуде жеңілдіктер жасалынды. Сонымен бірге олар жердің құнарлы аудандарын өз мүддесіне қолдануға құқық алды.

Тауар айналымы тапшылығы байқалып, инфляция өсті. Қоғам ішінде жіктік бөлінушілік ұлғайып, сыртқы қарыз көлемі өсті.

«Ашық есік» саясаты жүзеге асырылғаннан бері он жыл (1974-1984 жж.) ішінде Египет экономикасы айтарлықтай ақсап қалған еді. 1977-1983 жылдары жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) жылына орташа есеппен 8%-ға өскенімен, экономикада құрылымдық сәйкессіздік күшейе түскен болатын. Ең алдымен қызмет көрсету, оның ішінде, әсіресе сауда мен құрылыс жақсы дамыды. Керісінше экономиканың өндіруші салаларының даму деңгейі төмендеп кетті.

Халық шаруашылығында импорт көлемінің ұлғайып кетуі ұлттық кірістің өсуіне кедергі келтірді. 1980 жылы оның құны 8,72 млрд. доллар болса, ал сыртқы сауда балансының теріс сальдосы 4,62 млрд. долларды құрады [2, 252 б.]. Бақылаусыз ағылып жатқан импорт кейбір өнеркәсіптің тоқтап қалуына әкеліп соқтырды. Оылайша, египет өніміне деген сұраныс төмендей түсті. Әсіресе мемлекеттік саладағы өндірістер ауыр жағдайға ұшырап, оларға деген бәсекелестік құлдырап кетті.

70-жылдары жұмысшы күші эмиграциясы күрт өсіп кетті. Егер де 1968-1972 жылдары шетелдерде жұмыс істейтін мысырлықтардың саны

80 мыңнан аспаса, 1973 жылы елден тысқары жерде 157 мың адам жұмыс істеді. Бұл көрсеткіш 1983 жылы шамамен 3 млн-ға жетті [3, 96 б.].

Бұндай кең көлемдегі эмиграция елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайына кері әсерін тигізді. Жұмысшы күшінің жетіспеуі ауыл шаруашылығының дамуына кедергі келтіріп, көптеген «ақыл иелерінің» шетелдерде жұмыс істеуі экономика саласының, ғылым мен білімнің ақсауына әкеліп соқтырды. Елде еңбек етуде арнайы мамандандырылған мамандармен бірге, карапайым жұмысшылар және жастар жетіспеді.

1977-1985 жылдары ЖІӨ өсуі сыртқы табыс көздерінің, яғни эмигранттардың ақшалай аудармалары, мұнай экспорты, Суэц каналының кірісі және туризм есебінен өсіп отырған еді. Ішкі қорлардың шектеулілігі Египетті сыртқы қаржы көздеріне жүгінуге итермеледі.

80-жылдардың басында экономикалық даму да қажет тұтатын қарыздар, несиелер және субсидийлер 1,2-2 млрд. долларды құрады. Мысалы, 1974 жылы экономиканың даму көрсеткіші мен 1981 жылдың көрсеткіштерін салыстыра кетсек, кейінгі кезде экономиканың едәуір дамығанын көреміз. Мұнай саласы 1974 жылы 8 миллион тонна дерлік мұнай өндірсе, 1981 жылы 32 миллион тонна мұнай өндірді. Бұл Египетке жыл сайын 2,2 миллиард доллар кірісті енгізіп отырды. Сондай-ақ шетелдерде жұмыс істеп жүрген мысырлықтардың ақшалай аудармасы 1974 жылы 190 миллион доллар болса, 1981 жылы кірістердің өсуі қарқындап, 2,8 миллиард долларға жетті. Бұл да қазынаның өсуіне және 80-жылдардағы ел экономикасының көтерілуіне алып келді. Алайда 1981 жылы дефицит шапшаң өсіп, 2,1 миллиард долларға жетті. Бұл азық-түлік тауарларының жетіспеушілігі еді. Өйткені Садат жүргізген «инфитах» саясаты тұтынушылық сипатта болды. Ол елдің ішкі өндірістік күшіне сүйенудің орнына, керісінше сыртқа сүйенді [4, 364 б.].

Елдің жалпы қорында сырттан кіретін кірістің үлесі 1974 жылы 6% болса, 1981 жылы бұл көрсеткіш 45%-ға жетті. Бұл әлемдегі ең жоғарғы көрсеткіштердің бірі екен. Сырттан келген инвестициялар нәтижесінде елдің өндірістік салалары тоқтап қалды.

Садаттың мұрагерлікке қалдырған экономикалық дағдарысымен күресу барысында Мұбарак бұл салаға бірқатар өзгерістер енгізді. Біріншісі, ірі шетел инвестицияларын тұрақтандырып,

әсіресе оларды экономиканың жетекші салаларына орнықтыру болды. Екіншісі, «жемқорлықпен семірген» бюрократиялық аппаратты қайта құру және оның кедергі күштерін жою.

Шаруашылық ретсіздіктер келеңсіздігі, инфляция және бағаның күрт өсуі және еңбекшілер жағдайының күрт төмендеуі мүліктік теңсіздікпен әлеуметтік қайшылыққа алып келді. Жаппай жұмысшы күші эмиграциясы да жұмыссыздық деңгейін төмендеткен жоқ. 80-ші жылдардың басында жұмыссыздық саны 2,5 млн. адамды құрады. Мысырлықтардың басым көпшілігі кедейшілікте өмір сүрді. Ауылдық жерлерде кедейшілік шегінде өмір кешіп жатқандардың үлесі 35%-ды құраса, қалалық жерлерде 50 %-ды қамтыды.

Дегенмен 80-жылдардың ортасына қарай елде мұнайды экспортқа шығарудан түсетін кірістің қысқаруына байланысты Египеттің экономикалық жағдайы күрделеніп кетті. Синай түбегінде өндірілетін мұнайдан түсетін пайданың өзі үштен бірге дейін қысқарды. 1985 жылы бұл пайда 2,3 млрд. долларды құрады. Сонымен бірге Таяу Шығыста лаңкестік әрекеттердің жиілеп кетуі салдарынан Египетке келетін туристердің саны екі есеге азайды.

Жаңа үкімет басшылығы ел экономикасын көтеру үшін құрылымдық реформалар бағдарламасын даярлады. Бастапқы төрт-бес жыл тек электр қуаты, жолдар, порттар, байланыс желістері және қызмет көрсету салалары сияқты инфрақұрылымдарды дамытуға бағытталды. Өнеркәсіп салаларына мемлекеттік қолдау көрсету өндіріске жеке капиталдың құйылуына әрекет етті. Соңғы жылдары кішігірім, бірақ халықтың сұранымын өтейтін арзан тауарлар өндіретін жүздеген өндірістер салынды.

80-жылдардың ортасына қарай стратегиялық бағыт болып өндіріс орындарын дамыту қарастырылды. Бірақ жетекші өнеркәсіп орындарының тиімділігін арттыру үшін оларды жекешелендіру керек болды. Жекешелендіру үдерісі біртіндеп жүргізілді. Бұл үдеріс 1989 жылы ел президенті қабылдаған экономикалық саясат туралы қаулыға сүйенді. Оның негізінде мемлекеттік өндірістер мен ауылшаруашылық нысандарын жекешелендіру қарастырылды. 1996 жылдан бастап белсенді түрде мемлекеттік өндірістерді жекешелендіру үдерісі үш бағытта жүргізілді: акцияларды қор биржаларында, стратегиялық инвесторларға және өнеркәсіп

ұжымына сату. Ұлтсыздандыру саясаты біртіндеп қарқынды жүргізіле бастады. 1994 жылдан бастап 1998 жылға дейін 258 мың адам жұмыс істейтін 30,8 млрд. египет фунты активі бар 113 мемлекеттік өндіріс орындары жеке меншікке өтті. 1999 жылы тағы да 30,8 млрд. активі бар 97 мемлекеттік компаниялардың сатылуы жоспарланды. Жалпы өндіріс құралдарын жеке меншікке аудару процесі негізінен 2000 жылы аяқталуы керек деп жоспарланған болатын. Ол кезде елдегі 8 млрд. египет фунтты құрайтын активі бар 40-қа жуық (90 жұмысшы орны бар) мемлекеттік компания жекешелендірілуі тиіс еді. Бірақ экономика үшін стратегиялық маңызы зор Суэц каналы жалпы компаниясы және мемлекеттік «Иджипшн Джeneral Петролеум» мұнай корпорациялары, сондай-ақ әскери зауыттар, радио, ауруханалар мен мектептер мемлекет қарамағында қалдырылды. Сондай-ақ мемлекеттің бақылау пакетінде ұн өндіру және фармацевтік өндірістер активтері сақталды. Жалпы жекешелендіру бағдарламасын іске асыру нәтижесінде өнеркәсіп саласында мемлекеттің үлесі 13%-ға, ал жалпы ішкі өнімде 3%-ға дейін қысқарды.

Осылайша, мемлекеттік меншікті сату 1998 жылы қазына қоржынына 16,9 млрд. египет фунт көлемінде кіріс әкелді [5, 254 б.].

Араб әлемі мен Жерорта теңізінде кешегі күнге дейін сарқылмас астық қоры саналған Египет азық-түлік және тағы да басқа ауылшаруашылық тауарларының жетіспеушілігіне тап болды. «Инфитах» жылдары ауылшаруашылығы үлкен шығынға батып, экономиканың бұл саласы дағдарысқа ұшырады. 80-жылдардың басында Египет тамақ өнімдерімен өз-өзін қамтамасыз ету қабілетінен айырылып, тамақ өнімдерінің 50%-ын шетелден тасуға тура келген болатын. Шамамен астықтың 75%-ы импортталатын.

Дегенмен елде біртіндеп қаржы жағдайы тұрақтандырыла бастады. Бюджеттің тапшылығы 1997 жылы 2,6 млрд. египет фунтын құрағанмен, жалпы ішкі өнімге қатысты 1%-ға біртіндеп қысқарды. Ал төлем балансы тұрақты болып табылады. Валюта резерві реформаға дейін 1,5 млрд долларды құраса, 1998 жылы 20 млрд-қа жетті. Инфляция 70-жылдардың ортасында 24% болса, 1997 жылы 4,5%-ға төмендеді. 1997 жылдың соңына қарай ішкі мемлекеттік қарыз 180,9 млрд. египет фунтын құраса, ал сыртқы қарыз 28,2 млрд. долларға жетті, оның

шамамен 90,7%-ы орта және ұзақ мерзімдегі несиелер. ЕАР-ның негізгі кредиторлары АҚШ, Франция, Жапония, Германия және Италия мемлекеттері саналды.

Египет біртіндеп бюджеттік тапшылықты жауып тұратын шетелден экономикалық және қаржылай көмек алуды жалғастырып отыр. Сондай-ақ бірқатар тұтынушы тауарлар, ірі өнеркәсіп нысандарын салу және инфрақұрылымдарға қатысты импорт қамтамасыз етіліп отыр. Соңғы жылдары ЕАР-на шетелдік экономикалық және қаржылай көмек көлемі – тұрақты 2,5-3 млрд. доллар шамасында.

Ел басшылығы 1997 жылғы «шетел инвестициялары және еркін аудан» туралы заңға сүйене отырып, тікелей шетелдік капитал құюға үлкен мән беріп отыр. Осы заңға сәйкес елде 39,9 млрд. египет фунт капиталды құрайтын 2170 өндіріс жұмыс істесе, оның ішінде 10,7 млрд. құрайтын 472 өндіріс алты еркін аудандарда Каирде, Александрияда, Порт-Саидте, Суэцте, Исмаилии және Дамьеттеде шоғырланған. Ал қалған еркін аудандардан тыс орналасқан 1698 өндірістің 809-ы өнеркәсіп ретінде, 309-ы қаржы, 155-і құрылыс, 141-і туристік, 182-сі басқа да қызмет көрсету және 102-сі ауыл шаруашылығы тұрғысында құрылған.

1997/98 жылдары экономиканың басты тірегі өнеркәсіп саласында ЖІӨ-нің 18,5%-ы өндірілді. Өнеркәсіпке 2,2 млн. адам, яғни 13,4% жұмылдырылды. Осы жылдары египет өнеркәсібінің жетекші салалары – тамақ өнеркәсібі 29%-ды, тоқыма өнеркәсібі 26,9%-ды, химия өнеркәсібі 20,8%-ды көрсетті. Өнеркәсіптің басқа салаларындағы ЖІӨ-дегі үлес салмағы машина жасау саласында 14%, металлургия 8,2%, тау-кен өндіру саласында 0,8%-ды құрады [6, 68 б.].

1997 жылы 9 қыркүйекте Каирде Египет-«Нілдегі жолбарыс» атты ірі экономикалық форум өткізілді. Халықаралық конференцияда ел экономикасы реформаларының сәтті жүргізілуі арқасында қол жеткізілген жетістіктер талқыланды. Бұл форумға елдің экономика саласындағы табыстарын бөлісуге әлемнің 25 мемлекетінен 600 маман, бизнесмендер қатысты. Бұл форумда Халықаралық ұйымдар мен шетел инвесторларының тарапынан Египет жобалары үлкен қолдауға ие болғандығы баса көрсетілді.

Египеттің «сауда және тариф туралы»

(ГАТТ) халықаралық келісімге қосылуы ұлттық өнеркәсіпті сапасы және көлемі жағынан дамытуға әрі әлемдік нарықта тауарларды бәсекелестікке қабілетті етуге міндетті.

Дегенмен бірқатар мәселелер де өз шешімін таппай отыр. Соның бірі сыртқы сауда сальдосындағы көрініс: 1993 жылы 6,7 млрд. доллар болса, 1998 жылы 12,5 млрд. долларға өсті. Сондай-ақ жылына 1 мың долларды құрайтын жан басына шаққандағы ұлттық кіріс ішкі нарықта тарыла түсіп, өндірістің даму қарқынын тездетуге кедергі келтіріп отыр. 1997 жылы ақпанда қаржы биржасында тоқырау жүріп, басты индекс 90-шы жылдардың аяғында 2 есеге төмендеді. Маңызды өзгерістер әлеуметтік құрылымдарда да жүрді. Егер де 1965 жылы халықтың 55%-ы ауылшаруашылығымен айналысса, 1991 жылы 44%-ы қызмет көрсету саласында, 34%-ы ауылшаруашылығында, 22%-ы өнеркәсіп саласымен шұғылданды. Осылайша Египетте біртіндеп дамушы елдер сипатынан дамыған елдер қатарына қосылу үдерісі басталды.

Жалпы елде халық кірісінің өсуі баяу жүрсе де, жалғасып отыр. Егер 1970 жылы адам басына шаққанда жалпы ішкі өнім 234 доллар болса, 1990 жылы 971 долларға өсті. Негізінен экономиканың тұрақтылық сипаты қарапайым халықтың ертеңгі күніне қауіптенуден сақтандырып отыр, яғни әлеуметтік фактор ескерілуде. Ел тұрғындарының 85%-ы карточка жүйесі бойынша, күнделікті алатын май, қант және нан өнімдерін тұрақты бағамен алады.

Әрине, елдегі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыру бағытында үкіметте өзгерістер жүрді. Мемлекеттік меншікті жекешелендіру бағдарламасының сәтсіздігі К.Ганзури үкіметін А.Обейд үкіметі ауыстыруға тура келді.

ЕАР-да елдің инфрақұрылымдары қайта құрылып, кеңейтілді. Күштілерді қолдайтын, әлсіздерді қорғайтын мықты экономикалық база құрылды. Шетел және жергілікті инвесторларды қолдайтын жүйе негізі қаланды. Экономикалық реформа шеңберінде банк жүйесін дамыту бағдарламасы да іске асырылды. Мемлекеттік банктер жаңашаландырылып, бірқатар жеке меншік банктер құрылды. Соңғы 20 жылда елде шамамен 80 млрд. долларды құрайтын инфрақұрылымдарды дамыту бойынша жобалар орындалды.

Жалпы Египет – тұрақты өсуге және дамуға үлкен мүмкіндігі бар мемлекет.

Әдебиеттер

- 1 Фазельянов Э.М. Египет: человеческий фактор и развитие. – М.: Наука, 1990. – 79 с.
- 2 Ковтунович О. В. Вечный Египет: очерки прошлого и нстоящего Нила. – М., 1989. – 252 с.
- 3 Некоторые актуальные вопросы истории и экономики стран Зарубежного Востока. – Ашхабад, 1992. – 96 с.
- 4 Перминов П. Улыбка сфинкса. – М., 1991. – 364 с.
- 5 эл-Хусейн Мұстафа Абдель Салам Хасан. Статистический анализ социально-экономического развития Египта. – М., 2001. – 254 с.
- 6 Титореко В. Экономические реформы в Египте // Свободная мысль. – М., 1995. – №3. – С. 66.

К.Б. Жанатаева

Социально-экономическое развитие Египта в 1970-1990 гг.

В данной статье рассматривается социально-экономическое развитие Египта в 1970-90 гг. Для достижения наилучшего результата в целях развития экономики страны потребовалось проведение комплексных реформ.

Ключевые слова: Экономический кризис, политика «открытых дверей», социально-экономические реформы, дефицит бюджета, либерализация экономики, пограничные пошлины, рост валового внутреннего дохода.

К.В. Zhanataeva

Social-economical development in Egypt in the period of 1970-1990

In this article the author considers the social-economic development in Egypt in the period of 1970-1990. It was necessary to conduct complex reform, for their effectiveness in order to develop economy of the country.

Keywords: the economic crisis, the policy of «open doors», socio-economic reforms, the budget deficit, the liberalization of the economy, border fees, the growth of gross domestic income.